

Зертханалық жұмыс N°6

Haskell тіліндегі деректердің күрделі
құрылымын өңдеу



Берілген өрнекті орындауға жіберу. Мысалы, `main` командасы сәйкесінше `main` – функциясын орындауға жібереді, бұл құралдар панеліндегі түймені қайталауды орындайды.

`:type <expr>`

Берілген өрнектің типін экранға шығарады. Бұл команда, негізінен, құрылған өрнектің (айнымалы, функция, күрделі объекті) типін жылдам алу үшін программаны орындау мақсатында қолданылады.

`:?`

Қысқа сипатталған командалар тізіміні экранға шығарады.

`:set [<options>]`

АЖ параметрлерін командалық жолдан енгізуге мүмкіндік береді. HUGS 98-ді баптау диалогтық терезесінің әрекеттерін қайталайды. (`<options>`) командасының барлық мүмкін параметрлері осы команданы орындау кезінде, ешқандай параметрлерсіз экранға шығарылады.

`:names [pat]`

Ағымдағы атаулар кеңістігіндегі (басқа атау берілмесе) объектілердің барлық атауларының тізімін экранға шығарады.



:info <names>

Объектілердің берліген атауларының сипаттамасын экранға шығарады. Мысалы, функция үшін, берілген функцияның атауымен қоса оның типін де шығарады.

:browse <modules>

Берліген модульде анықталған барлық объектілердің (функциялар, айнымалылар, типтер) тізімін экранға шығарады. Модульдердің атаулары бос орынмен ажыратылуы тиіс (бірнеше модуль атаулары берілсе).

:find <name>

Құрамында берілген атау кездесетін модульді редактрлеуге шақырады. Егер берліген атау ағымдағы модульдердің бірдебіреуінде кездеспесе, онда қате туралы хабарлама шығады: **ERROR —**

No current definition for name "<name>".

!<command>

Операциялық жүйеге шығып, берліген команданы орындайды. Есте сақтайтын жағдай, «леп белгісі» символы мен операциялық жүйе комнадасының атауы арасында бос орын қалмау керек.

:cd <directory>

HUGS 98 жұмыс істеп тұрған ағымдағы каталогты аустырады.



Қоқысты жинау процесін еріксіз түрде орындауға жібереді. Содан соң, жиналған және қайта қалпына келтірілген жад ұяшықтары туралы мәліметті экранға шығарады.

:version

Haskell және **ИС HUGS 98** тілдерінің орнатылған интерпретаторының версиясы туралы ақпаратты экранға шығарады.

:quit

Операциялық жүйеге шығуды орындайды. Құралдар панеліндегі түймелерді қайталайды.

